

Теміртау қаласы мен Ақтау кентінде жасыл көшеттер егу, оларды қорғау және күту Қағидасын бекіту туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2008 жылғы 01 наурыздағы N 8/6 шешімі. Қарағанды облысы Теміртау қаласы Әділет басқармасында 2008 жылғы 04 сәуірде N 8-3-53 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 5 маусымдағы N 4/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.06.05 N 4/4 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының негізінде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес қалалық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

Ескерту. Алғысөзіне өзгерту енгізілді - Теміртау қалалық мәслихатының 2009.11.26 N 22/7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен

1. "Теміртау қаласы Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 26 қарашадағы N 22/7 шешімі мен Ақтау кентінде жасыл көшеттерді қорғау және күту Қағидасын" бекітілсін.

2. Осы шешім бірінші рет ресми жарияланған сәттен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде қолданысқа енеді.

3. Осы шешімінің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

Сессия төрағасы

Г. Дроздова

Мәслихат хатшысы

А. Аркатов

КЕЛІСІЛДІ

"Теміртау қаласы әкімінің аппараты"
мемлекеттік мекемесінің кадр және
құқықтық жұмыс бөлімінің бастығы

В . К а р л а ш

2008 жыл 01 наурыз

КЕЛІСІЛДІ

"Теміртау қаласының сәулет
және қала құрылыс бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы
Р . Ж ү н і с о в а

2008 жыл 01 наурыз
КЕЛІСІЛДІ

"Теміртау қаласының тұрғын
үй коммуналдық шаруашылығы,
жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
С . М ы р з а т а е в

2008 жыл 01 наурыз
КЕЛІСІЛДІ

"Теміртау қаласы ішкі істер
б а с қ а р м а с ы "
мемлекеттік мекемесінің бастығы
М . Ж а п п а р о в

2008 жыл 01 наурыз
КЕЛІСІЛДІ

"Қарағанды облысының мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау департаменті" мемлекеттік
мекемесінің Теміртау қаласы бойынша
филиалының мемлекеттік санитарлық
б а с д ә р і г е р і
Қ . А с қ а р о в

2008 жыл 01 наурыз
КЕЛІСІЛДІ

Теміртау қаласы бойынша қоршаған
ортаны қорғау аға уәкілетті мемлекеттік
инспектор, бас маман
Г . Я г у п е ц

2008 жыл 01 наурыз

Теміртау қалалық мәслихаттың
2008 жылғы 1 наурыз
№ 8/6 шешімімен бекітілген

**Теміртау қаласы мен Ақтау кентінде жасыл көшеттер егу, оларды қорғау
және күту Қағидасы**

Осы Қағида азаматтық және табиғатты қорғау заңнамаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің жасыл көшеттерін, оларды негізгі элементі ретінде абаттандыру, таза қоршаған ортаны қалыптастыру үшін қорғау тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында дайындалған.

Қағида Теміртау қаласы мен Ақтау кентінде жасыл көшеттер егу, оларды қорғау және күту саласындағы құқықтық қатынастарды реттейді және меншік түріне байланыссыз барлық шаруашылық субъектілер үшін міндетті.

Ескерту. Алғысөзіне өзгерту енгізілді - Теміртау қалалық мәслихатының 2009.11.26 N 22/7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен

1. Жалпы Қағидалар

1. Осы Қағидада қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) аумақты көгалдандыру - Теміртау қаласы мен Ақтау кентінде жасыл егістіктер аумағын кеңейту, көгалдандыру, қорғау бойынша шаралар жүйесі. Аумағы жағынан онша үлкен емес учаскелерді көгалдандыру жобалық тапсырма және оның негізінде құралған дендрологиялық және техникалық жоба негізінде жүргізіледі.

2) арнайы егілген жасыл ағаштар - санитарлық қорғау, су қорғау, қорғау - жер өңдеу, өртке қарсы зона, питомниктер, гүл оранжерея шаруашылығы, көрмелер, ботаникалық, дендрологиялық және зоологиялық бақтар, молалар аумағы;

3) дендрологиялық жоспар - 1:500 және одан да ірі масштабта сызылған, ағаш және тал-шілік ағаштардың, ашық учаскедегі шөптердің, гүл бақтардың, алаңдардың, жолдардың, тоғандардың, кіші сәулеттік үлгілердің орналастырылуы көрсетілген сызба;

4) көгалдандырылған аумақ - қоғамдық тұрғын үй, іскерлік, коммуналдық, өндірістік белгідегі табиғи және жасанды түрдегі өсімдіктер егілген, бау-бақша парктік кешендер және объектілер, бульварлар, гүлзарлар, гүлдестелер;

5) жасыл көшеттер тізілімі - елді мекен аумағындағы жасыл көшеттердің саны, түрі жайлы мәліметтер жинағы;

6) жасыл көшеттер - азаматтық заңнамаларға сәйкес жылжымайтын мүлік болып табылатын және Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің бірыңғай жасыл қорын құрайтын табиғи және жасанды жолмен егілген шөптер және ағаш - бұталар, ағаштар;

7) жасыл көшеттерді зақымдау - тал-шыбықтардың діңгегіне, бұтағына, олардың тамырына, өсімдіктердің жер астындағы және жер үстіндегі

бөліктерінің өсуін тоқтатпайтын зиян. Зиянды заттарды тастау, өртеу арқылы өсімдіктердің бұтақтарына, тамырына зиян келтіру, діңгегінің қабығын бұзу, жер үстіндегі жасыл көшеттерге, топыраққа зиян келтіру механикалық зиян келтіру

д е п а т а л а д ы ;

8) жасыл көшеттерді қорғау - жасыл көшеттерді егуге және сақтауға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және экологиялық шаралар жүйесі;

9) кесілген көшеттердің орнын көгалдандыру - кесілген немесе зақымданған жасыл көшеттердің орнына ағаш отырғызу;

10) жасыл көшеттерді жою - ағаштардың, бұталардың, шыбықтардың, гүлдер мен шөптердің қурауына әкеп соғатын жасыл көшеттерді жою;

11) қайта санау ведомості - жасыл көшеттердің жалпы жағдайын көрсететін ағаштар мен бұтақтардың саны туралы ведомості;

12) есепке алынған объект - ұйымдарға, кәсіпорындарға немесе заңды тұлға - жауапты иеге жалға немесе меншікке берілген және шекарасы белгіленген жер т е л і м і ;

13) қорғау куәлігі - жасыл көшеттерді ұстау мен қорғау жөніндегі міндеттер жүктелген, объектінің есепке алу паспортының негізінде көгалдандырылған аумақта иесіне (жалға алушының) жасыл көшеттерді қорғау үшін уәкілетті орган б е р г е н қ ұ ж а т ;

14) көпшілік пайдаланатын жасыл көшеттер - Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарының демалуына арналған жасыл көшеттер аумағы (бақтар, гүлзарлар, скверлер);

15) орнына төлеу құны - жасыл көшеттерді зақымдағанда немесе жойғанда олардың құнын анықтау үшін белгіленген баға, оған жасыл көшеттерді егу және күтіп ұстау шығындары кіреді, сонымен қатар жасыл көшеттердің сапалығы мен орнына, құнына байланысты уәкілетті орган анықтаған экологиялық зиянды орнына келтіру шығындарынан тұрады;

16) пайдаланылуы шектеулі жасыл көшеттер - тұрғын үйдің, емдеу, балалар оқыту және ғылыми мекемелердің, өндірістік кәсіпорындардың, спорттық кешендердің көгалдандырылған аумағы;

17) уәкілетті орган - Теміртау қаласы мен Ақтау кенті әкімдігінің шешімімен бекітілген жасыл көшеттерді егу, күтіп ұстау және қорғау үшін құрылған жасыл көшеттерді егу, күтіп ұстау және қорғау жөніндегі орган.

2. Жасыл көшеттерді егу, қорғау мен күтіп ұстаудың негізгі принциптері

2. Теміртау қаласы мен Ақтау кенті аумағында орналасқан барлық жасыл көшеттер меншік түріне байланыссыз, жеке тұрғын үйлер мен саяжайлар аумағындағы жасыл көшеттерден басқасы бірыңғай қалалық жасыл желекті

құрайды және қорғауға жатады.

3. Заңды және жеке тұлғалар жасыл көшеттерді сақтау бойынша шараларды жүзеге асырулары керек, оларға зақым келтіруге немесе жоюға әкеп соғатын заңсыз әрекеттерді жасамауға тиісті.

4. Жасыл көшеттер орналасқан жер учаскелерінің иелері және оны жалға алушылар жасыл көшеттерді қанағаттанарлық жағдайда күтіп ұстауы және жасыл көшеттердің дұрыс өсіп дамуын қадағалау керек. Арнайы агротехникалық шаралар жүргізумен байланысты жасыл көшеттерді отырғызу және күтіп ұстау жұмыстарын қызметтің осы түрімен айналысу құқығына сертификат алған мамандандырылған ұйым жүргізеді.

5. Заңды және жеке тұлғалардың жобалау, салу және шаруашылық әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамаларында және осы Қағидада белгіленген жасыл көшеттерді қорғау талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады. Салу, шаруашылық және басқа да қызметтерді ұйымдастыруға арналған жобаға дейінгі және жобалық құжаттары топографиялық негізге енгізілген жасыл көшеттер туралы толық және нақты мәліметтерден тұру керек.

6. Белгіленген тәртіпте келісілген, елді мекенді дамыту бас жоспарында қарастырылған учаскелерден басқа Теміртау қаласы мен Ақтау кенті аумағында орналасқан жасыл алапқа (парктер, шағын ормандар, скверлер) салу жұмыстары жүргізілмейді.

7. Көпшілік пайдаланатын жерді көгалдандыру сәулет және қала салу органдарының, экологиялық сараптаманың оң нәтижесінің негізінде қала мен кентті көгалдандырудың көпжылдық кешенді сұлбасына және белгіленген тәртіпте бекітілген бас жоспарға сәйкес жүргізіледі.

8. Жасыл көшеттерді егу жұмыстарының барлық түрі белгіленген тәртіпте бекітілген дендрологиялық жоба бойынша орындалынады. Жасыл көшеттерді егу жұмыстарын жүргізу кезінде жоба авторы жұмыстардың бекітілген дендрологиялық жобаға, жұмысты сызбаға сай және сапалы орындалуына бақылау жасауы керек.

3. Азаматтар мен жасыл көшеттер иелерінің (жалға алушылардың) құқықтары мен міндеттері

9. Азаматтардың құқықтары:

1) өзінің мәдени саулығын және эстетикалық қажеттілігін қанағаттандыру, қыдыру, спортпен айналысу және осы Қағиданың талаптарын сақтай отырып, басқа да мақсаттар үшін еркін парктерге, бақтарға, мемиоралдық кешендерге, скверлерге бара алады. Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің тұрғындары әлеуметтік пайдалану үшін көгалдандырылған учаскелердің аумағын және

ерекше қорғалатын табиғи аумақты Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес толық немесе жартылай пайдалануы мүмкін.

2) Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің жасыл қорының жағдайы, оны қорғау шаралары мен даму келешегі туралы нақты ақпарат алуға;

3) ағаш егу жобаларын талдауға, сонымен қатар ағаш егудің балама жобасын дайындауға қатысуға;

4) жүзеге асырылуы Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің жасыл қорына зиян келтіруі мүмкін жобалық құжаттарға қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы ұсыныс жасауға;

5) қаланы, ықшамаудандарды, аулаларды көгалдандыру, көгалдандырылған аумақты санитарлық тазалау шараларына қатысуға;

6) лауазымдық тұлғалардың, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың жасыл көшеттерді қорғау талаптарын бұзумен байланысты әрекеттеріне әкімшілік немесе сот тәртібінде шағымдануға.

10. Заңды және жеке тұлғалар көгалдандырылған аумақтың меншік иелері мен жалға алушылар:

1) өз учаскесіндегі және жапсарлас жатқан аумақтағы жасыл көшеттерді қорғау, күтіп ұстау, күтуді және сақтауды қамтамасыз ету;

2) жыл сайын уәкілетті органға жасыл көшеттерді қорғау, жасыл көшеттердің (отырғызу, қайта отырғызу, өңдеу, қопару) өзгеруі жайындағы белгіленген үлгіде ақпарат жіберуі керек;

3) уәкілетті органның жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік нұсқамасына сәйкес агротехникалық шаралар кешенін жүргізу, сонымен қатар газондар, ағаш және бұтақтарды суғару негізінде зиянкестерден, аурудан, арам шөптерден қорғауды жүргізу керек;

4) өз есебінен дендрологиялық жоба негізінде жасалған қала салу, экологиялық, санитарлық-тазалық сақтау ережелеріне сай бекітілген аумақтағы жасыл көшеттерді көгалдандырып жөндеу жүргізу керек;

5) осы Қағидада бекітілген тәртіп бойынша жасыл көшеттерді қопаруды (қайта отырғызу) жүзеге асыруы керек;

6) уәкілетті органның жазбаша түрдегі рұқсаты бойынша ағаш бұтақтарды, өсімдіктерді санитарлық және сәндеп қырқуды, ағаштарды жақсарту, ағаш бұтақтарын қырқу жүргізу керек;

7) электр қуаты сымының қоршау зонасындағы (1 м радиусы қашықтықта), сонымен қатар көше көрсеткіштерін жауып тұрған ағаш бұталарын уақытылы қырқуды жүргізуі керек. Ағаш бұталарын қию электр қуатын жіберуші жүйенің иелерімен келісіп, кесте бойынша барлық техникалық талаптарға сай жүргізіледі;

8) сынған ағаштар мен бұталарды жиып, аумақта санитарлық тазалау жүргізуі керек;

9) парктерді, бақтарды, скверлерді, бульварларды жарықтандыру кезінде жасыл көшеттерді қорғау талаптары сақталуы керек.

11. Жасыл көшеттер отырғызылған жер телімдерін және жер заңнамаларында қарастырылған жер айналымының басқа түріндегі жер телімдерін сатып алғанда, сатқанда, сыйға бергенде және жалға бергенде жердің жаңа иесіне, жалға алушыға жасыл көшеттерді қорғау және күту құқықтары мен міндеттері өтеді.

12. Көгалдандырылған аймақтың жер айналымына жататындығын растайтын құжат уәкілетті органның келісуіне жатады.

13. Жасыл көшеттерді күтуге берілетін қорғау куәлігі, ерекше жағдайларда аумақты тазалау және абаттандыру шарты жасыл көшеттер егілген жер теліміне құқығын белгілейтін құжаттарды ресімдегенге дейін (қайта ресімдегенге дейін) беріледі.

4. Жасыл көшеттерді қорғау мен күту жөніндегі уәкілетті органның құзыры

14. Жасыл көшеттерді қорғау мен күту жөніндегі уәкілетті органның құзырына жатады:

1) жасыл көшеттердің тізбесін жүргізу;
2) жасыл көшеттерді егу, күту және қорғау шараларының орындалуын ұйымдастыру және бақылау;

3) Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің аумағындағы жасыл көшеттерді санитарлық кесу, ағаштардың бұтақтарын кесу, отырғызуға, қиюға рұқсат беруді ресімдеу және беру немесе рұқсат беруден бас тарту;

4) бекітілген әдістеме бойынша жасыл көшеттерге зиян келтіру құнын бағалау;

5) жасыл көшеттерге келтірілген зиянның орнына төлеуді, сонымен қатар жасыл көшеттерді қалпына келтіру, күтуді, ұстауды қамтамасыз ету шараларының орындалуын бақылау.

5. Жасыл көшеттерді есепке алу, қорғау және күтіп ұстау

15. Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің аумағындағы жасыл көшеттерді есепке алу есепке алу объектісінің аумағындағы жасыл көшеттерге түгендеу жүргізу арқылы жүзеге асырылады, оның мақсаты жасыл көшеттердің санын, сорттық құрамын және жағдайын анықтау. Есепке алу мәліметтері жасыл көшеттердің тізіліміне енгізіледі.

16. Жасыл көшеттерге түгендеу және тексерудің басқа да түрлерін жүргізу жарғылық тәртіпте бекітілген нұсқамалық-әдістемелік құжаттарға сәйкес есепке алу объектісінің шекарасында орналасқан жасыл көшеттерді, әр түп ағашты

есепке алу әдісімен жүргізіледі.

17. Жасыл көшеттерді есепке алу:

1) Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің аумағындағы жасыл көшеттердің саны және сапасы туралы нақты мәлімет алу;

2) көгалдандырылған аумақты дамыту және жасыл көшеттерді сақтау, қорғау саласындағы қалалық саясаттың негізгі бағыттарын анықтау;

3) Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің аумағындағы көгалдандырылған аумақты тиімді пайдалануды ұйымдастыру үшін ақпараттық база құру;

4) жасыл көшеттердің тізілімін жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру табиғатты қорғау қаражаты есебінен жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі.

18. Жасыл көшеттердің: ағаштардың, талшыбықтардың, көгал шөптердің, гүл дестелердің барлық түрі есепке алуға жатады.

19. Бекітілген үлгіде дайындалатын (1-қосымша) объектіні есепке алу паспорты жасыл көшеттерді есепке алу қорытындысын көрсететін құжат болып табылады.

20. Объектіні есепке алу паспорты жоспар бойынша бес жылда бір рет жаңартылуы керек.

21. Жылжымайтын мүліктің жауапты иесі өзіне қарасты жасыл учаскедегі жасыл көшеттерді есепке алуды ұйымдастырады және алған мәліметтерді объектіні есепке алу паспортына енгізілуін қамтамасыз етеді.

22. Объектіні есепке алу паспортын жауапты ие бекітеді және уәкілетті органмен, сонымен қатар тексеру жүргізген мамандандырылған ұйыммен келісіледі. Объектіні есепке алу паспорты жасыл көшеттердің тізіліміне (2-қосымша) мәліметтер енгізу үшін уәкілетті органға беріледі.

23. Көгалдандырылған аумақтағы жасыл көшеттердің тізіліміндегі мәліметтер 2 жылда 1 рет жаңартылуы керек.

24. Жасыл көшеттерді егу, күту және қорғау бойынша жұмыстар мен шараларды ұйымдастыру және орындау:

1) бақтарда, скверлерде, гүлзарларда, өту жолдарындағы аллеяларда жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті органға, мамандандырылған коммуналдық кәсіпорындарға, сонымен қатар көгалдандырылған аумақтың иесі мен жалға алушыларға жүктеледі.

2) мәдени демалу парктерінде, балалар парктерінде арнайы парктерде осы мекемелердің әкімшілігіне жүктеледі;

3) сауда, қызмет көрсету объектілерінің, банктердің, кеңселердің, кәсіпорындардың, жеке үйлердің және басқа да жеке меншік объектілері қасбестінің (кіре берісінің) бөлінбейтін бөлігін құрайтын, көпшілік пайдаланатын жасыл көшеттерді күту мен қорғау жылжымайтын мүліктің иелеріне және жалға алушыларға жүктеледі;

4) ұйымдардың аумағындағы, сонымен қатар оларға бекітілген учаскелердегі жасыл көшеттерді күту мен қорғауды тікелей осы ұйымдар жүзеге асырады;

5) жер телімінің иесі және жерді пайдаланушы санитарлық қорғау зонасы шекарасындағы зонаны тазалайды;

6) квартал ішіндегі жасыл көшеттерді, үйлердің маңындағы тал шыбықтарды жерді пайдалану шекарасына сәйкес тұрғын үй қорының иелері (пәтер иелерінің кооперативі, пәтер тұтынушылар, үй комитеттері) күтеді және қорғайды.

25. Жасыл көшеттерді күту бойынша жұмыстарды, жасыл көшеттерді қырку және қайта отырғызумен байланысты арнайы агротехникалық шараларды жұмыстың осындай түрлерін жүргізуге тиісті рұқсат қағазы бар көгалдандырумен айналысатын мамандандырылған ұйым жүргізеді.

6. Жасыл көшеттерді кесу және қайта егу

26. Жасыл көшеттерді кесуге төмендегі жағдайларда рұқсат берілуі мүмкін:

1) белгіленген тәртіпте бекітілген және келісілген қала салу құжаттарында құрылыс объектісін орналастыруға жағдай жасау үшін;

2) инженерлік абаттандыру объектілеріне, жер үсті коммуникацияларына қызмет көрсету үшін;

3) апаттық және төтенше жағдайларды жою, сонымен қатар инженерлік абаттандыру объектілеріндегі;

4) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органының қорытындысы бойынша ғимаратты жарықтандыру деңгейін тұрғын және тұрғын емес бөлмелерге арналған нормаға сәйкес қалпына келтіру;

5) жасыл көшеттердің сапасын және түрлік құрамын жақсарту қажеттілігіне қарай.

27. Қоршаған ортаны қорғау, сәулет, жер комитеті, санитарлық - эпидемиологиялық қадағалау, ішкі істер басқармасы өкілдерінің қатысуымен комиссия дайындаған акт негізінде жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган берген рұқсат бойынша жасыл көшеттерді басқа жерге отырғызуға (5-қосымша), кесу билеттері (3-4 қосымша) бойынша жасыл көшеттерді кесуге жол беріледі.

Кесуге, басқа жерге отырғызуға, кесу билеттерін беру және басқа жерге отырғызуға рұқсат беру тәртібін жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Жер телімінде (бау-бақша, саяжай учаскелерінде, жеке тұрғын үй аумағында) өздігінен өскен немесе шаруашылық әрекетінің нәтижесінде өскен ағаш-бұталарды кесу, басқа жерге отырғызуды оларды заңды және жеке тұлғалардың меншігіне бергеннен кейін өз бетінше рұқсат ресімдемей ақ жүргізе

б е р е д і .

28. Мемиориалдық, тарихи немесе ерекше эстетикалық құнды, тарихи ескерткіштер немесе мәдени мұра құзыры бар, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген ағаш және бұта түрлеріне жататын сонымен қатар жергілікті маңызды ерекше қорғалатын аумақтағы ағаштарды кесуге жол берілмейді.

29. Ағаштар мен бұталарды кесуді жұмыстың осы түрін жүргізуге тиісті лицензиясы бар мамандандырылған ұйым белгіленген тәртіпте ресімделген рұқсат құжаттары болған жағдайда ғана жүргізеді (оның ішінде кесу билеті).

Алдын-ала ресімделген рұқсат құжаттарынсыз жасыл көшеттерді кесуге және басқа жерге отырғызуға жол берілмейді.

30. Қала салу әрекеттерін жүзеге асыру барысында жасыл көшеттерді кесу немесе басқа жерге отырғызуды келісу келесі тәртіпте жүргізіледі:

1) жобалаушы ұйым құрылыс жүргізуге бастапқы рұқсат құжаттарын дайындау кезінде белгіленген тәртіпте жасыл көшеттерді кесу қажеттілігін қарастыратын құрылыс жобасын дайындайды;

2) салу жобасының және жобаны дайындаушы ұйымның хаты негізінде жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасымен және басқа да мүдделі органдармен бірге учаскеге тексеру жүргізеді, онда ағаштар мен бұталардың саны, түрлері, жағдайы, шөптердің, гүлдестелердің саны, оның ішінде қырқылуға жататындары да көрсетіледі.

3) тексеру актісінің негізінде жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган жобаны дайындаушы органға ағаштар мен бұталарды мүмкіндігінше сақтап қалу, сонымен қатар кесілетін ағаштар мен бұталардың саны көрсете отырып құрылысты жүргізу мүмкіндігі туралы қорытындыны береді;

4) ұсынылған құжаттардың негізінде жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган тапсырыс берушіге кесілетін ағаштар мен бұталардың, қопарылатын көгалдар мен гүлдестелердің құнының орнына белгіленген норма немесе құнын бағалау әдісімен бекітілген көлемде төлеуге шот жазып береді;

5) әкімдіктің бағдарламаларына сәйкес көп қабатты және басқа да ескі құрылыстарды құлату кезінде жасыл көшеттерді кесуге кесу билеттерін беру кезінде орнына төлеу құны инженерлік коммуникацияларды қорғау зонасындағы және жарықтандыру режимі зонасындағы жасыл көшеттерді кесу құны ескермей е с е п т е л і н б е й д і .

31. Инженерлік коммуникацияларға ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізу кезінде жасыл көшеттерді басқа жерге отырғызуды және кесуді келісу келесі т ә р т і п т е жү р г і з і л е д і :

1) инженерлік коммуникацияларға ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізу кезінде жасыл көшеттерді кесу кесу билеттерінің негізінде жүргізіледі;

2) қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес белгіленген инженерлік коммуникацияларды қорғау зонасында өсіп тұрған жасыл көшеттерді кесу кезінде орнына төлеу құны алынбайды;

3) жөндеу жұмыстары барысында бүлінген көгалдар мен гүлдестелерді қалпына келтіру тапсырыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады;

4) инженерлік коммуникацияларды қорғау зонасынан тыс жұмыс жүргізетін зонадағы ағаштар мен бұталарды кесу кезінде орнына төлеу құны орнына төлеу құнының толық көлемінде алынады.

32. Төтенше және апаттық жағдайларда, әсіресе ірі ағаштардың құлауы адамдардың тіршілігі мен денсаулығына, ғимараттар мен имараттардың жағдайына, көліктің қозғалысына, коммуникациялардың жұмыс істеуіне қауіп төндіретін жағдайда көрсетілген ағаштарды кесу алдын ала рұқсат ресімдеусіз жүргізіледі:

1) кесу фактісін құрамына аумақ иесінің, жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның, апаттық және басқа да төтенше жағдайларды жою жұмыстарын жүргізген ұйым өкілдері, Теміртау қаласы мен Ақтау кенті әкімдіктері өкілдері кіретін комиссия белгіленген үлгіде ресімдеген кесу орнына тексеру жүргізу актісімен куәландырылады;

2) белгіленген үлгіде ағашты кесу орнын тексеру актісі болған жағдайда уәкілетті орган жұмыс басталған сәттен бастап 72 сағаттың ішінде кесу билетін береді.

33. Ғимараттар мен имараттарға 5 метр қашықтықтан жақын өсіп тұрған, бөлмелерге шамадан тыс көлеңке түсіретін ағаштарды уәкілетті орган санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органының қорытындысы негізінде азаматтар өтініш бойынша тегін қырқуға рұқсат береді.

34. Азаматтар мен заңды тұлғалардың, тұтынушылардың көгалдандырылған аумақтың иелері мен жалға алушылардың өтініші бойынша жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган олардың өсіп тұрған жеріне қарамастан кепкен, қураған және ауру ағаштар мен бұталарға белгі қояды және есепке алады.

Қураған ағаштар мен бұталарға тексеру жүргізген кезде ағаштардың кәріліктен және аурудан қурамағандығы, ал олардың жеке азаматтардың немесе лауазымды тұлғалардың кінәсінен қурағандығы анықталған жағдайда осы ағаштарды бағалау өсіп тұрған ағаштарды қалпына келтіру құны ставкасы бойынша жүргізіледі, ал олардың қурап қалуына кінәлілер әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

35. Жасыл көшеттерді өсірумен және күтумен айналысатын мамандандырылған ұйымға жататын аумақтағы жасыл көшеттерді кесу осы Қағидаға сәйкес жүзеге асырылады.

36. Келісілген жобаға және есепке алу ведомостына (6-қосымша) сәйкес

өсіруші кесуге жататын жасыл көшеттерді қызыл сырмен, басқа жерге отырғызуға жататындарын сары сырмен белгілейді.

37. Ағашты құлату, бұтау, арту және кесілген ағашты және оның қалдықтарын шығару жұмыс басталған сәттен бастап бір тәуліктің ішінде атқарылады. Кесілген ағаш пен оның қалдықтарын жұмыс атқарылған жерде сақтауға жол берілмейді. Ағашты құлату, бұтау және кесілген қалдықтарды тасымалдау бойынша барлық жұмыс, жұмыстың осы түрінің техника қауіпсіздігінің талаптарына толық сай жүргізіледі.

Ескерту. 37 тармаққа өзгерту енгізілді - Теміртау қалалық мәслихатының 2009.11.26 N 22/7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен

38. Кесу аумағына жапсарлас жатқан жердегі жасыл көшеттерге, гүлдестлерге, көгалдарға, зақым келтірген жағдайда жұмыс жүргізуші оларды зақым келтірген сәттен бастап жарты жылда кешіктірмей жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның және аумақ иесінің келісімімен мерзімінде қалпына келтіруге міндетті.

39. Жасыл көшеттерді басқа жерге отырғызу жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган берген (5-қосымша) рұқсат негізінде жүргізіледі.

40. Құрылыс жұмыстарын жүргізуге тапсырыс беруші жұмысты бастағанға дейін жасыл көшеттерді басқа жерге отырғызуға рұқсат алу үшін:

1) жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті органға құрылыс, қайта салу және қала салу зоналарындағы ағаштар мен бұталарды басқа жерге отырғызуды жобалау құжаттарын ұсыну керек;

2) конкурс негізінде жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган анықтаған мамандандырылған ұйыммен ағаштар мен бұталарды басқа жерге отырғызуға шарт жасау керек;

3) жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган берген кепілдік хат негізінде басқа жерге отырғызылған жасыл көшеттерді (жапырақ тұқымдастарды 1 жыл бойы, қылқан жапырақ тұқымдастарды 2 жыл бойы) күту жұмыстарын қаржыландыруды қамтамасыз ету керек. Басқа жерге отырғызылған жасыл көшеттерді кепілді күту мерзімінен кейін қабылдап алу олардың жерсіну актісі негізінде жүзеге асырылады (6-қосымша).

7. Келтірілген зиянның орнына төлеу және жасыл көшеттерді кескеннен кейін оларды қалпына келтіру

41. Лауазымды тұлғалардың, азаматтардың және заңды тұлғалардың әрекетінің немесе әрекетсіздігінің нәтижесінде көп жылдық жасыл көшеттерге тигізілген зиян немесе қурауы толық көлемде орнына ақшалай төлеуге немесе

42. Орнына көгалдандыру келесі талаптарды ескере отырып жүргізіледі:

1) алынып тасталды - Теміртау қалалық мәслихатының 2010.05.21 N 29/4 шешімімен .

2) қалпына келтірілетін жасыл көшеттердің түрлері мен құрылымы сәулеттік, экологиялық және эстетикалық жағынан жақсартылуға жатады;

3) негізінен қалпына келтіру сол аймақтың негізінде ағаштарды түбімен қопарып алып сол аумақта отырғызу арқылы, ол мүмкін болмаған жағдайда қала аумағының шегінде басқа учаскеде отырғызу арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 42 тармаққа өзгерту енгізілді - Теміртау қалалық мәслихатының 2010.05.21 N 29/4 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен .

43. Уәкілетті органның келісімімен кесілген жасыл көшеттердің орнына ағаш отырғызу сол учаске аумағынан үш есе көп жерге жапырақ тұқымдас ағаштардың биіктігі 2 метрден, ал қылқан жапырақ тұқымдас ағаштардың биіктігі 1,5 метрден кем емес жасыл көшеттер отырғызу арқылы жүргізеді. Ағаш отырғызатын бос орын болмаған жағдайда уәкілетті орган жасыл көшеттерді қалпына келтіру құнын есептейді және оны азаматтар мен заңды тұлғалар бір еселік көлемде жергілікті бюджетке төлейді.

Рұқсатсыз кесілген жасыл көшеттердің орнына ағаш отырғызу он есе көп көлемде жапырақ тұқымдас ағаштардың биіктігі 2 метрден кем емес, ал қылқан жапырақты ағаштардың биіктігі 1,5 метрден кем емес жасыл көшеттер отырғызу арқылы жүргізеді немесе жасыл көшеттерді қалпына келтіру құны есептелінеді және оны азаматтар мен заңды тұлғалар екі есе көлемде жергілікті бюджетке төлейді. Жергілікті бюджетке төленетін жасыл көшеттерді қалпына келтіру құнының көлемін қала әкімдігі бекітеді.

Кесілген жасыл көшеттер кесуге мүдделі азаматтар мен заңды тұлғалардың қаражаты есебінен қалпына келтіріледі.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың кесілген жасыл көшеттердің орнына ағаш отырғызуды өздері немесе оларды ары қарай ұстауға міндетті жағдай жасай отырып мамандандырылған кәсіпорындармен шарт жасау арқылы жүргізеді. Жасыл көшеттер құрап, сынып қалған, заңсыз кесілген фактілері бойынша кінәлі тұлғаны анықтау мүмкін болмаған жағдайда жасыл қор қала бюджетінің есебінен қалпына келтіріледі.

Көшірілген жасыл көшеттер құрап қалған жағдайда кесуге мүдделі тұлға жасыл көшеттерді қайта отырғызады және оларды ары қарай күтіп ұстауды қамтамасыз етеді.

44. Орнына көгалдандыру:

бекітілген дендрологиялық жобаға сәйкес 20 түптен артық ағаш бұта

өсімдіктерін қалпына келтірген жағдайда жүзеге асырылады;
жасыл көшеттерді қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісілген сұлбаға сәйкес 20 түптен кем емес ағаш-бұта өсімдіктерін қалпына келтірген жағдайда жүзеге асырылады.

45. Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында кесуге жататын жасыл көшеттер тапсырыс беруші қаражаты есебінен қалпына келтіріледі. Құрылыс жүргізуге бекітілген жобалау құжаттарына сәйкес тапсырыс берушінің жүргізген көгалдандыру жұмыстары орнына көгалдандыру жұмыстары болып саналмайды.

46. Жол берілмейді:

- 1) жасыл көшеттерді кесуге және зақымдауға;
- 2) құрғақ шөптерді, түскен жапырақтарды жағуға;
- 3) тұрмыстық және өндірістік қалдықтармен, кір сумен ластауға;
- 4) ағаштардан шырын алуға, ағаштарға белгі салуға, жазу жазуға, түрлі хабарландырулар мен жарнамалар, нөмір жазылған тақтай ілуге, түрлі көрсеткіштер, сымдар ілуге және ілгектер мен шегелер қағуға;
- 5) жасыл көшеттерді күтумен және осы аумақты пайдаланумен байланысты басқа құрылыс техникалары мен автокөлік құралдарының өтуіне және тұруына;
- 6) көліктерді көгалдардың үстіне қоюға;
- 7) көгалдандырылған аумаққа мал бағуға;
- 8) түрлі жүктерді, оның ішінде құрылыс материалдарын жинауға;
- 9) ағаштар мен бұталардың сақтығын қамтамасыз ету шараларын қабылдамай тұрып жасыл көшеттер өсіп тұрған учаскелерге үй төбелерінен қар лақтыруға;
- 10) жасыл көшеттерге зиян тигізетін басқа да әрекеттерді жүргізуге.

8. Жасыл көшеттерді күту мен қорғау саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік

47. Жасыл көшеттерге заңға қайшы зақым келтіргендігі немесе кескені үшін әкімшілік жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының негізінде анықталынады.

48. Лауазымды, заңды және жеке тұлғалар осы Қағиданың баптарын бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

49. Осы баптарда қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы ішкі істер органдарының және қоршаған ортаны қорғау, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақ саласын мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды тұлғалары дайындайды.

Теміртау қалалық мәслихатының
2008 жылғы 1 наурыздағы
8 сессиясының N 8/6 шешіміне
1 қосымша
Түгендеу жүргізетін ұйымның атауы _____
үгендеу нөмірі _____

Объектіні есепке алу ПАСПОРТЫ

Объектінің атауы _____

Топтастыру коды _____

(жерді пайдалану мақсатына қарай)

Әкімшілік-аумақтық тиістілігі _____

(әкімшілік белгідегі коды)

Жауапты иесі _____

Қорғау және пайдалану тәртібі, қала салу қызметін тәртіпке келтіру

| Келісілді Сәулет департаменті | Келісілді Жауапты ие | Келісілді Уәкілетті орган |
|----------------------------------|-------------------------|------------------------------|
|----------------------------------|-------------------------|------------------------------|

"__"__" 200__ж. " __"__" 200__ж. " __"__" 200__ж.

Теміртау қалалық мәслихатының
2008 жылғы 1 наурыздағы
8 сессиясының N 8/6 шешіміне
2 қосымша

200__ ж. 1 қаңтарындағы қаладағы, кенттегі жасыл көшеттердің ТІЗБЕСІ

Объектінің жасыл көшеттер ауданын жердің санатына, өсімдік түріне және
функционалдық белгісіне қарай бөлу

Қала, кент _____

Әкімшілік аудан (коды) _____

Жауапты иесі _____

Жасыл көшеттердің тізбесі

| | | | | | | | | |
|--|-----------------|---|----------------|--------------------|------------------|---|-------------------------------------|----------------|
| N т/н түгендеу нөмірі объектінің паспорты | | Жердің функционалдық белгісі, жасыл көшеттер объектісінің атауы, түрі | | | Топтастыру коды | Объектінің (участоктың) ауда га жасыл көшеттер ауданы га/т ағаш-бұта) | | |
| А | | Б | | | В | 1 | | |
| Парк түріндегі жасыл көшеттер | | | | | | | | |
| Ағаш өсімдіктер, ш.м. га/түп | | | | | Бұта өсімдіктері | | | |
| Жалғыз ағаш | Топ | Алап, бақ, шағын орман | Аллея қатар | барлығы га/ түп | Жалғыз | Қ а л а сыртындағы орман | Қатарлап отырғызылған ағаштар | барлығы түп |
| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| Ашық алаңдар | | | | | | | | |
| Гүл бақтар, га | | | | | Көгал шөптер, га | | | |
| Б і р жылдық | К ө п жылдық | Аралас | Контейнерлік | Барлығы | Партерлік | Кәдімгі | Жерге төселмейтін жамылғы | Барлығы |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| Парк түріндегі барлық өсімдік | | Орман, табиғи түрдегі өсімдіктер | | | өсімдіктер | | Табиғи ашық алаңдар | |
| 20 | | 21 | | | 22 | | 23 | |

Теміртау қалалық мәслихатының
2008 жылғы 1 наурыздағы
8 сессиясының N 8/6 шешіміне
3 қосымша

КЕСУ БИЛЕТІ

N ___ " ___ " _____ 200__ ж.

(мекен-жайы)

Жұмыс түрі: _____

Уәкілетті органның 200__ ж. "___" _____ N__ қорытындысының негізінде
Орнына төлеу құны _____

(төлеу ордерінің нөмірі және күні)

Орнына көгалдандыратын мекен-жай: _____

Көгалдандыру мерзімі: _____

Қайта есептеу ведомосына және жоспарға сәйкес рұқсат етіледі:
_____ түп ағашты кесуге
_____ түп бұтаны кесуге
_____ түп ағашты қайта отырғызуға
_____ түп бұтаны қайта отырғызуға
_____ түп ағаш сақталсын
_____ түп бұта сақталсын

Мамандандырылған ұйыммен шарт: _____

Жұмыс _____

(уәкілетті органның, ҚОҚ аумақтың басқармасы)

өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

Жасыл көшеттерді кесу жұмысын бастау күні _____

(уәкілетті органның, ҚОҚ аумақтың басқармасы)

белгіленген мерзімге дейін 5 күннен кешіктірмей хабарласын.

Кесу билетінің қолдану мерзімі _____

Уәкілетті орган басшысының орынбасары _____

ЖТБ бастығы _____

қ о л ы

к ү н і

М.О.

Кесу билетін алушы _____

лауазымы, ұйым, қолы, АӨТ, тел.

Кесу билетінің қолдану мерзімі аяқталды _____

қ о л ы күні

Теміртау қалалық мәслихатының

2008 жылғы 1 наурыздағы

8 сессиясының N 8/6 шешіміне

4 қосымша

Кесу билеті

N _____ " _____ " _____ 200 ж.

(тазалау үшін және жасыл көшеттерді қайта егу үшін кесу)

_____ (әкімшілік ауданның, қалалық, жұмыс жүргізілетін жердің мекен-жайы)

Жүргізілетін жұмыстар түрі: _____

Ұсынылған құжаттар негізінде: _____

Қоса берілген қайта есептеуге, жобаға, сұлбаға сәйкес рұқсат етіледі:
_____ түп ағаштарды кесуге
_____ түп бұталарды кесуге
_____ түп ағаштарды қалпына
келтіруге
_____ түп бұталарды қалпына
кесу түрі _____ түп ағаштар
_____ түп бұталар

Мамандандырылған ұйыммен келісім: _____

Жұмыс _____
(уәкілетті органның бөлімшесіне, аумақтық қоршаған ортаны
_____ өкілінің қатысуымен жүргізіледі.
_____ қорғау басқармасы)

Жасыл көшеттерді кесу жұмысын бастағанға дейін _____
(уәкілетті органның

_____ бөлімшесіне, аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы)
белгіленген мерзімге дейін 5 күннен кешіктірмей (тел. _____)
хабарласын.

Кесу билеті қолдану мерзімі _____

Уәкілетті орган бастығының орынбасары _____

ЖТБ бастығы _____

қ о л ы к ү н і

м.о.

Кесу билетін алушы _____

(лауазымы, ұйымның атауы, А.Ә.Т., телефоны)

Кесу билетін қолдану мерзімі аяқталды _____

қ о л ы к ү н і

Теміртау қалалық мәслихатының

2008 жылғы 1 наурыздағы

8 сессиясының N 8/6 шешіміне

5 қосымша

Жасыл көшеттерді басқа жерге отырғызуға, кесуге

200__ ж. " __ " _____ дейін

N ____ РҰҚСАТ БЕРУ

1. Кәсіпорынның атауы (СТТН) (тапсырыс беруші): _____
2. Кәсіпорын басшысы (АӘТ) (тапсырыс беруші): _____
3. Сұратылған учаскені пайдалану мақсаты: _____
4. Орналасқан жері: _____
5. Шараны жүргізуге негіз: _____
6. Жер телімінің меншік түрі: _____
7. Уәкілетті органның жасыл көшеттерді тексеру актісі
(1 - қ о с ы м ш а)
8. Ағаш-бұталардың нақты саны (саны, сапасы), жағдайы (2-қосымша)
9. Жасыл қорды (3-қосымша) қалпына келтіруге өтемақы төлеу міндеттемесі
(кепілдік хат)

ҚОРИТЫНДЫ

Уәкілетті орган (толық атауы) тексеру актісіне сәйкес жасыл көшеттердің жағдайын ескере отырып, жоғарыда көрсетілген ағаштарды кесуге келісім бере отырып, бірінші басшыдан келесі талаптарды орындауды талап етеді:

Жасыл көшеттерді қалпына келтіру шараларын жер асты және ауа коммуникацияларын қорғау ережесінің нормаларын сақтай отырып сәнді-құнды жасыл көшеттер отырғызу арқылы орындау керек.

Жасыл көшеттерді отырғызу, қорғау және күту кешенді шараларды толық жүргізу керек.

Қосымша _____ Ескерту _____

Уәкілетті орган басшысы _____

қ о л ы , А Ә Т

м.о.

Теміртау қалалық мәслихатының
 2008 жылғы 1 наурыздағы
 8 сессиясының N 8/6 шешіміне
 6 қосымша

Жасыл көшеттерді тексеру актісі

N ____ " ____ " _____ 200__ ж.

(аудан, қала, кент, учаске мекен-жайы)

Біз төмендегі қол қоюшылар: _____

(уәкілетті орган өкілінің лауазымы, АӘТ)

тапсырыс беруші ұйым өкілінің лауазымы, АӘТ)

_____ жататын жасыл көшеттерге

(кесуге, қайта егуге, егуге, тазалауға)

тексеру жүргіздік.

Тексеру барысында анықталды:

| Жасыл көшеттердің тұқымдық құрамы | Кесуге жататын | | Қайта егу | | Сақтауға жататындар | | Сапалық жағдайы | | |
|-----------------------------------|----------------|----|-----------|----|---------------------|----|-----------------|----------|------------|
| | саны | дм | саны | дм | саны | дм | жақсы | қанағат. | қанағат. Е |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

Осы акт _____ дайындалды.

Ескерту: Тексеру актісі жасыл көшеттерді кесуге немесе басқа жерге отырғызуға құқық беретін құжат емес.

Тапсырыс беруші ұйымның өкілі алды _____
қ о л ы , А Ә Т

Уәкілетті орган өкілінің лауазымы _____
қолы, АӘТ